

**Заңғар ЖОББМ педагогикалық ұжымының
2023-2024 оқу жылына арналған
жұмыс талдауы**

1. Мектептің білім туралы мемлекеттік білім стандарттарының орындалуында және оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруде іс-әрекетті ұйымдастыру.

1.1 Жаппай оқыту.

Оқу жоспарының ерекшеліктері.

ҚР Мемлекеттік білім беру стандартын мақсатты іске асыру мақсатында мектеп құрылымы мен мазмұны деңгейлік саралау қағидаттарында балаларды дамыту мен оқытуға бағытталған оқу жоспарларын іске асыруда. 2023-2024 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыруда «2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» ҚР БҒМ нұсқаулық - әдістемелік хаты негіз ретінде пайдаланылды.

2023-2024 жылдың соңында мектепте 129 оқушы оқыды, оның ішінде,

* бастауыш мектепте - 44

* негізгі орта мектепте - 73

* жоғары сыныпта – 12 оқушы.

Онымен қоса мектепалды даярлық сыныбында 5 тәрбиеленуші, шағын орталықта 30 тәрбиеленуші бар.

Мектеп оқушыларының саны тұрақты. Оқу жылы ішінде 17 оқушы мектепке келді, 4 оқушы кетті.


Бастауыш сынып оқушыларының барлығы оқу жылын сәтті аяқтап, келесі сыныпқа көшірілді. 5-8, 10 сыныптың 68 оқушысы аралық аттестаттауды сәтті аяқтап, келесі сыныпқа көшірілді. 9 сыныптың 8 оқушы негізгі орта мектепті сәтті бітіріп, 11 сыныптың 9 оқушысы тиісті білім туралы құжат алды.

Негізгі мектептің 8 түлегінің алтауы 10-сыныпта оқуын жалғастырды, 2-і колледжге түсті.

Орта мектептің 9 түлегінің 6-ы жоғары оқу орындарына түсті, бұл жалпы түлектер санының 67% - ын құрады. 4 оқушы ЖОО грантқа, екеуі ақылы түрдегі оқуға түсті. 3 оқушы колледжге оқуға түсті.

2-11 сыныптардың 117 оқушының ішінен 20 оқушы оқу жылын үздік аяқтап, мақтау қағаздарымен марапатталды, бұл 17%-ды құрайды (өткен жылмен салыстырғанда - 23 оқушы, 20%), 4 пен 5 ке оқыған оқу екіпінділерінің - 42 оқушы аяқтады (өткен жылы - 36 оқушы). 2023-2024 оқу жылының соңында 2-11 сынып оқушыларының үлгерімі 100%, оқу сапасы – 53% (өткен жылы-56%) құрады. Салыстыратын болсақ: 2022-2023- 56%, 2023-2024 -53%. Сапа сәл төмендегенін байқауға болады, динамика-3%.

| | |
|----------|-----|
| 2023 жыл | 56% |
| 2024 жыл | 53% |



Оқушылардың оқу сапасының оң динамикасын қамтамасыз ету бойынша мектептің міндеті ішінара орындалған жоқ.

Үлгерім жағдайын талдау 2023-2024 оқу жылын 100% үлгеріммен 11-сынып, мектепалды даярлық сыныбын тәрбиеленушілері аяқтағанын көрсетті.

Оқушылардың оқу сапасының нәтижелілігі келесідей:


70 – тен 100%-ға дейінгі жоғары деңгейді көрсеткен сыныптар жоқ.

60 - тан 69% - ға дейінгі деңгейді 3 сынып көрсетті: 2 сынып - 60% (мұғалімі Исенова К.К.), 3 сынып - 67%, (мұғалімі Тулеутемирова А.А.), 9 сынып - 62% (мұғалімі Жангазинова А.К.), бұл 27% құрайды.

Қалған жеті сынып оқушыларында оқытудың рұқсат етілген деңгейі 35-тен 60% - ға дейін. 4 сыныпта 50% сапа (мұғалімі Танирбергенова А.М.), 5 сыныпта - 56% (мұғалімі Жапарова А.С.), 7 сыныпта - 56% (мұғалімі: Сулейманова И.С.), 8 сыныпта - 44% (мұғалімі: Кульжанова А.Е.), 11 сыныпта - 56 % (мұғалімі: Тактаулова С.Д.) бұл 66% құрайды.


Оқудың сыни деңгейін 35% – дан төмен көрсеткен бір сынып: 10 сыныпта 33% (мұғалімі Алашбаева Г.Б.) бұл 9% құрайды.

| Оқу деңгейлері % | 2022-2023 оқу жылы сынып саны | 2023-2024 оқу жылы сынып саны |
|------------------|-------------------------------|-------------------------------|
| 70-100 | 3 | 0 |
| 60-69 | 2 | 3 |
| 35-60 | 5 | 7 |
| 0-35 | 0 | 1 |



Үш жыл қорытындысы бойынша пәндер сапасы:

| Пән | 2022-2023 | 2023-2024 |
|------------------|-----------|-----------|
| Қазақ тілі | 75% | 68% |
| Орыс тілі ж/е әд | 80% | 78% |
| Математика | 73% | 72% |
| Қазақстан тарихы | 79% | 74% |
| Дүниежүзі тарихы | 88% | 76% |
| биология | 68% | 67% |
| география | 80% | 77% |
| химия | 52% | 71% |
| физика | 64% | 71% |
| Қазақ әдебиеті | 72% | 72% |
| Ағылшын тілі | 62% | 58% |
| информатика | 97% | 89% |



Кестеден мынадай қорытынды жасауға болады:

- Физика және химия пәндері бойынша оң динамика көруге болады.
- Қазақ әдебиеті пәнінен сапа тұрақты 72%.
- Қалған пәндерден теріс динамиканы көруге болады.

Сондықтан оқушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру ағымдағы оқу жылында педагогикалық ұжымның негізгі мәселесі болып қала береді.

2023-2024 оқу жылына оқулықтармен қамтамасыз ету туралы

Әкімшіліктің назарында оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесі болды. Жалпы оқулықтармен қамтамасыз ету 100% құрайды. 1-11 сынып оқушылары жаңа буын оқулықтарымен толық қамтамасыз етілді.

Оқушылардың денсаулық деңгейі.

2023-2024 оқу жылы ішінде Заңғар жалпы орта білім беру мектебінде бір медициналық кабинет жұмыс істеді. Кабинеттер СанПИН бойынша медициналық жабдықтармен және қажетті тізбеге сәйкес алғашқы медициналық көмек препараттарымен жабдықталған.

Бастауыш сынып оқушыларына жергілікті бюджет есебінен тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Жалпыға міндетті оқу қорынан 680 теңге есебінен барлығы 2 оқушы тамақтанды. 1-4 сынып оқушыларының барлығы (44 оқушы) тегін тамақтанады (480 теңге). Ата-аналар төлемі есебінен 85 оқушы тамақтандырылды. Бұл жалпы оқушылар санының 66 % құрайды. Мектеп оқушылары 100% ыстық тамақпен қамтылған.

Дене шынықтыру пәнінен босатылған оқушылар саны: 2022-2023 оқу жылында 4 оқушы болды, 2023-2024 оқу жылында - 3 оқушы. Жалпы оқушылардың денсаулықтарын сақтау бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Педагогикалық ұжымның міндеті сол сабақтарда динамикалық физпауз өткізу және дене жаттығуын өткізу болып қала береді.

Аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушыларға көмек көрсету үшін жаппай оқыту қорын бөлу.

Оқу жылы ішінде патронаттағы балалар, аз қамтылғандар және көп балалы отбасылардан шыққан балалар (3 оқушы) 680 теңге есебінен ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Жаңа жылға қарай аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға жаңа жылдық сыйлықтар берілді.

Ыстық тамақтануды ұйымдастыру.

Ұйымдастырылған ыстық тамақпен 129 оқушы қамтылды – 100%.

Мектепке бармайтын балалар саны. Девиантты мінез-құлқы бар балалармен жұмысты талдау.

Мектепте жалпы оқытуды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүйесі қалыптасқан: сынып жетекшілердің, кезекші әкімшіліктің және психологтың бақылауы жүйелі жүргізіледі. Мектептен себепсіз қалатын, кешігетін, девиантты мінез-құлқы бар оқушылар жоқ.

2. Мектеп ұжымының мемлекеттік білім стандартының орындалуына және оқу- тәрбие оқу-тәрбие процесін жетілдіруде іс-әрекетті ұйымдастыруы.

2.1 Мектеп оқу жоспары және оның әдістемелік қамтамасыздығы.

Мектеп "МЖМБС іске асыру жағдайында заманауи білім беру сапасына қол жеткізу факторы ретінде мектеп педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбы бойынша жұмысын бастады.

Мақсаттары: білім беру процесінің тұрақты оң нәтижелеріне және білім берудің түбегейлі жаңа сапасына қол жеткізу үшін педагогтің кәсіби шеберлігін және оның жеке мәдениетін арттыру; елдің рухани-адамгершілік құндылықтары, тарихи және ұлттық-мәдени дәстүрлері негізінде үйлесімді дамыған және әлеуметтік жауапты тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттер:

1. Білім берудің барлық деңгейлерінде білім алушылардың базалық дағдылар мен біліктерді меңгеруін қамтамасыз ететін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін, білім беру технологияларын енгізу, олардың оқуға деген ынтасын және білім беру процесіне тартылуын арттыру;

2. Ақпараттық-білім беру ортасының мүмкіндіктерін ескере отырып, сабақ өткізу кезінде заманауи және қауіпсіз цифрлық білім беру ортасын құру.

2023-2024 оқу жылына арналған педагогикалық ұжым жұмысындағы басты міндеттердің бірі ҚР Білім берудің мемлекеттік стандартын жүзеге асыру болды.

Осы мақсатта білім берудің мемлекеттік стандартының іске асырылуын бақылаудың мектеп бағдарламасы әзірленді, ол педагогикалық ұжым мен әкімшіліктің қызметінде келесі бағыттарда жүзеге асырылды:

1. Ұйымдастырушылық-педагогикалық қызмет.

2. Мемлекеттік стандарттың іске асырылу сапасын мектепшілік бақылау.

Ұйымдастыру-педагогикалық қызметке тақырыптық педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, директор жанындағы кеңестер өткізу кірді. Мемлекеттік стандарттың жалпы білім беру, арнайы білім, білік, дағдылардың қалыптасу деңгейіне қойылатын талаптары мектеп ұжымының отырыстарында зерделенді. Мұғалімдер С.Д.Тактаулова ағылшын тілі бойынша, Т.Ж.Сегизаева қазақ тілі бойынша, Г.С.Калиева орыс тілі бойынша, Г.Б.Алашбаева тарих бойынша, А.А.Тулетемирова, А.М.Танирбергенова бастауыш сыныптар бойынша жүйелі жұмыстарын атап өткен жөн.

2.3. Қорытынды аттестаттауға дайындалу және өткізу.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 4 қазанындағы № 304 "Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы".

- Павлодар облысының Білім басқармасының 2023 жылғы 4 қазанындағы №2-02/500 "Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы".

- Павлодар облысының білім басқармасы Павлодар ауданының білім беру бөлімі ММ 2023 жылғы 5 қазанындағы № 1-04/209/1 "Павлодар ауданының орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы".

- Павлодар облысы білім беру басқармасының, Павлодар ауданы білім беру бөлімінің, "Заңғар жалпы орта білім беру мектебі" КММ 2023 жылғы 6 қазанындағы №1-04/120 "Павлодар ауданының Заңғар жалпы орта білім беру мектебінде 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы".

2023-2024 оқу жылының соңында 9-сыныптарда 8 оқушы оқыды. Емтиханнан босатылған оқушы жоқ. Барлық 8 оқушы бітіру емтихандарын сәтті тапсырды.

9 сыныпта қазақ тілінен емтихан (эссе).

Емтихан алушы- Сулейманова И.С.-Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-модертаор ұстаз.

Барлығы 8 оқушы тапсырды. Оның ішінде "5"-5; "4"-1; "3"-2 ; сапасы-75%; үлгерімі-100%.

Алгебра бойынша емтихан (жазбаша).

Емтихан алушы-Ахшалова С.А. математика пәнінің мұғалімі, педагог – зерттеуші.

Барлығы 8 оқушы тапсырды.

Оның ішінде "5"-3; "4"-3; "3"-2 ; сапасы-75%; үлгерімі-100%.

Орыс тілінен емтихан (жазбаша).

Емтихан алушы-Калиева Г.С., орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-модератор.

Барлығы 8 оқушы тапсырды. Оның ішінде "5"-3; "4"- 3; "3"-2 ; сапасы-75%; үлгерімі-100%.

Таңдау пәні – Қазақ әдебиеті 8 оқушы тапсырды. Оның ішінде «5» - 2, «4» - 3, «3» - 3, сапасы-63%; үлгерімі-100%.

- Негізгі мектептің барлығы 8 түлегі. Негізгі мектептің 8 оқушысы негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат алды. Екі оқушы Үздік аттестат алды: Жұмабек С., Сапарғалиева А.

2023-2024 оқу жылының соңында 11 сыныпта 9 оқушы оқыды. Барлық 9 оқушы бітіру емтихандарын сәтті өткізді. Емтиханнан босатылғандар жоқ.

Қазақ тілі мен әдебиетінен емтихан (эссе).

Емтихан алушы – Сулейманова И.С. – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-модератор.

Емтиханды 9 оқушы тапсырды.

Оның ішінде "5"-4; «4»- 4; «3» - 1; сапасы-89%; үлгерімі-100%.

Алгебра және талдаудың басталуы бойынша емтихан (жазбаша).

Емтихан алушы - Ахшалова С.А. - математика пәнінің мұғалімі, педагог – зерттеуші.

Барлығы 9 оқушы.

Оның ішінде "5"-2; «4» - 7; сапасы-100%; үлгерімі-100%.

Қазақстан тарихы бойынша емтихан (ауызша).

Емтихан алушы-Артықбаев Д.К. - тарих мұғалімі, педагог – модератор.

Тапсырды-9 оқушы. Оның ішінде "5"-3; "4"-5. Сапасы - 100%, үлгерімі-100%.

Орыс тілі мен әдебиетінен емтихан (жазбаша).

Емтихан алушы-Калиева Г.С. - орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-модератор.

Емтиханды 9 оқушы тапсырды. Оның ішінде "5"- 2; «4»- 6; «3» - 1; сапасы-89%; үлгерімі-100%.

Таңдау пәні – қазақ әдебиеті пәнінен емтиханды 2 оқушы тапсырды. Оның ішінде «5»-1; «4» -1; сапасы-100%; үлгерімі-100%.

Таңдау пәні – информатика 1 оқушы тапсырды. Оның ішінде «5» - 1; сапа 100%; үлгерімі-100%.

Таңдау пәні құқық негіздері 6 оқушы тапсырды. Оның ішінде «5» - 0; «4» -5; «3» -1; сапа 83%; үлгерімі-100%.

Қазақ әдебиеті пәнін оқытудағы ерекше жетістіктері және пәндік олимпиадаға қатысқаны үшін 11 сынып оқушысы Жұмабек Мадина мақтау қағазымен марапатталды. Информатика пәнін оқып-үйренгені және пәндік олимпиадаларда жүлделі орындары үшін мақтау грамотасымен Сапарбек Асылзат марапатталды. Құқық негіздері пәнін оқып-үйренгені үшін мақтау грамотасымен Балтабек Нұрәлі марапатталды. 11 сыныптың 1 оқушысы Жұмабек Мадина «Алтын белгі» ЖОБ аттестатына ие болды. Емтихандарын сәтті тапсырып, ҰБТ-нен 123 бал алды.

Заңғар мектебі бойынша ҰБТ орташа балы 58 балды құрады (өткен жылы 61 балл), 3-ке төмендеді.

2.4. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру.

Мектеп оқушылары халықаралық, республикалық, облыстық олимпиадалардың, ғылыми жобалардың, зияткерлік конкурстар мен марафондардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Аудандық "Зерде" ғылыми жобалар байқауына 2 оқушы қатысып, жүлделі орынды иеленді. Республикалық пән олимпиадасының аудандық кезең қорытындысы бойынша 3 оқушы жеңімпаз атанды

| № | Оқушының Т.А.Ә. | пән | сынып | Оқытушының Т.А.Ә. |
|---|--------------------|-----------------|-------|-------------------|
| 1 | Жұмабек Мадина | Қазақ тілі | 11 | Сулейманова И.С. |
| 2 | Адельбекова Сабина | Құқық негіздері | 9 | Мусенова М.Ж. |
| 3 | Шентозова Гульдона | Қазақ тілі | 10 | Сегизаева Т.Ж. |

2 оқушы облыстық кезеңге қатысып, 1 оқушы Жұмабек М. 3 орын иегері атанды.

2.5. Тәрбиелеу жүйесі.

2023-2024 оқу жылына арналған мектепшілік жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және басқа да үйірме, секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарды. Оқу жылының басында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы орынбасарының 2023 жылғы 1 ақпандағы № 23-32-4.3 хаттамасының 3-тармағын орындау мақсатында жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына 2023-2024 оқу жылдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарды жүзеге асыра отырып бір жылдық жоспар құрылып, бекітілді.

Мектепшілік тәрбие жоспарының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1) ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
- 2) ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3) жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4) денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бала бойында 3 құндылықты дарыту. Тәрбие құндылықтары: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ; АР – ҰЯТ; ТАЛАП.

Осы жоспарды іске асыру мақсатында арнайы 2023-2024 оқу жылына жоспар құрылып, іс-шаралар атқарылды.

Тұрмысы төмен отбасы мен қамқорлықтағы оқушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы зерттелді. Жалпы мектебімізде тұрмысы өте нашар отбасыдан оқушылар жоқ.

Оқушыларға мектеп кітапханасынан тамыз айынан бастап кесте бойынша оқулықтар таратылды. Барлық оқушылар оқулықтармен 100% қамтамасыз етілді. 2 оқушы жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін тамақтанды. Және 1-4 сынып оқушылары Павлодар облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 357/3 «Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы №240 / 36» 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы шешімінің орындалуы туралы отырысында (XXXVI сессиясы, VI шақырылым)». 2020 жылы қаңтар айынан бастап 1-4 сыныптардағы барлық 51 318 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін деген бұйрыққа сәйкес тегін тамақтандырылады - 44 оқушы.

Қалған 83 оқушылар демеушілер тарапынан мектеп асханасынан 450 т ақылы ыстық тамақ ішуде.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тіркейтін арнайы журнал ашылған. Ауырған балалардың жағдайын сынып жетекшілер үйлеріне барып біліп отырады. Ауыл медбикесімен байланыс жасалынады.

Оқу жылының басында 117 оқушы болған. Жартыжылдық қорытынды бойынша мектептен 2 бала кетті. Ол Зозуля Эльдар С-1 сынып оқушысы. (Павлодар облысының №5 арнайы мектеп Хмельницкий ауылы), Дүйсенова Алия -4 сынып (Астана қаласы №51 мектеп),

Келді: барлығы 14 оқушы. Музаффар Галия -2 сынып, Музаффарова Ясмин – 4 сынып, Музаффаров Махамбет-7 сынып, Музаффаров Руслан-9 сынып (Алматы облысы Қ.Әбдіғұлов атындағы №34 жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы),

Кульжанов Ж -9 сынып (Павлодар қаласындағы спорт мектебінен), Евлоева Анель- 7 сынып (Павлодар қаласындағы спорт мектебінен), Кошкарров Умурзак- 6 сынып, Кошкаророва Перизат- 5 сынып (Өзбекістан Республикасынан), Махаматалиев Саийд- 7сынып, Махаматалиева Саийда-7 сынып (Өзбекістан Республикасынан), 4-ші тоқсанда 4 оқушы келді - Майлыбаев Мейрамбек- 6 сынып (Жамбыл обл, Тараз қаласы №26 мектеп), Майлыбаев Нұрасыл - 2 сынып (Жамбыл обл, Тараз қаласы №52 мектеп), Майлыбаев Мирас – 1 сынып (Жамбыл обл, Тараз қаласы №52 мектеп), Нуриддинов Ерболат 6 сынып (Алматы обл, Іле ауданы №47 мектеп).

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепте 4 секция мен 4 үйірме құрылды. Олар: шахмат, футбол, волейбол және «Балалар жас

өспірімдер мектебінен» - үстел теннисі. Сонымен қатар «Балалар өнер мектебінен» - «Ұлы поэзия әлемі», «Ырғақты би», үйірмелері жұмыс жасады, сонымен қатар ою-өрнек өнерін қайта жаңғырту мақсатында «Қол өнері» «Ұлттық қолөнер» үйірмелері өтті. Оқушылардың жалпы санының 85 %-ы спорттық секциялар және үйірмелерге қатысуда. Сабақтан тыс уақыттарын тиімді өткізу мақсатында қызығушылықтарына байланысты оқушылар үйірмелер мен секцияларға жазылды. Үштілділікті дамыту мақсатында «The world of fairy tails» ағылшын тілі үйірмесі ұйымдастырылды.

«Мектепке жол!» акциясы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балалары мен қамқорлықтағы балаларды жаңа оқу жылына дайындауға қолдау көрсетуге бағытталды. Биылғы жылы акция «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!» ұранымен өтті. Қатысқандардың атынан отбасы жағдайы төмен оқушыларға киім-кешек пен оқу құралдары ретінде көмек көрсетілді. Тамыз айында Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты және есепке алу қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жан басына шаққандағы орташа табыс ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен Қаулысына сүйене отырып көмекке мұқтаж балалар тізімін шығарып оларға жаппай оқыту қорынан көмек қолын созу (әр балаға 47300 теңгеден берілді) барлығы 2 оқушыға берілді. Павлодар аудандық поликлиникасының бас дәрігері Каирбаева Гүлназ Макановна мен Павлодар ауданының мәслихат депутаты Сегизаева Толқын Жасулановна 30.000 теңгеге 2 оқушыға кеңсе тауарларын әперді. Мектеп ұжымы атынан 60.000 теңгеге 7 оқушыға кеңсе тауарлары алынды. Заңғар ауылдық округінің әкімі Сманов Руслан Қанатұлы 1 сынып оқушыларына кеңсе тауарларын сыйлады-12 оқушыға.

Тәрбиеге қиындық келтіретін оқушыларды болдырмаудың алдын алу жұмыс түрлері өте көп. Қуанарлық жағдай, мектепте ондай оқушылар қазіргі кезде жоқ. Соның өзінде бала тәрбиесіне қатысты адамдардың немқұрайлық танытпай, қателік жібермеу жолдары қарастырылды. Мектеп, ата-ана, оқушы ұйымдары бірлесіп, іс-шаралар өткізу қолға алынған. Спорт ойындары мен танымдық, шығармашылық кештерге оқушылар жиі қатыстырылып тартылды. Мектепішілік бақылауда 2 оқушы, тәуекел топта 4 оқушы. Осы осал топтағы оқушылармен жұмыс жасау үшін арнайы жоспар құрылды. Жоспар бойынша мектеп психологі, мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары , сынып жетекшілері тығыз байланыста жұмыс жасауда.

Мектепте қыздарға арналған «Аққу» клубы, ұлдарға арналған «Мирас» клубы жұмыс атқаруда.

Жыл басында «Мектеп ережесі- оқушының құқығы мен міндеті» жасалып, оқушыларға таныстырылды. Әр сыныпта тәрбие сағаттары мен сынып

жиналыстары өтуде. Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары ұйымдастырылған.

Негізгі мақсаты: оқушылар бойында өз ісіне деген жауапкершілікті қалыптастыру, заңға бағынуға оны орындауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Одан шыққан міндеттер: жасөспірімдердің бақылаусыз, панасыз қалудың алдын алу, құқық бұзуға бейім тұратын балаларды анықтау, оларды дұрыс жолға салу, өз міндеттерін дұрыс атқара алмай жүрген отбасылармен жұмыс жүргізу, нақты әрекеттер арқылы оқушылардың шығармашылығын дамыту, салауатты өмірге баулу.

Оқушылардың бос уақыты қадағаланып, түнгі бейсауат жүрістерін болдырмау мақсатында «Жасөспірім» рейдінің кестесі жасалды, мұғалімдерден кезекшілік құрылды, ата-аналары мен оқушылардан қолхат алынды. Осындай жұмыстар демалыс кездерінде де үздіксіз жүргізіліп отыруда.

Көптеген игі істердің бала тәрбиесіне әсер етері анық.

Мектебімізде «Кітап оқуға құштар» атты жобасы жұмысын іске асыруда.

Тарих пәнінің мұғалімдері Алашбаева Г.Б мен Артықбаев Д.Қ оқушылармен Қазақстан Республикасының заңдарына, Конституциясы мен құқықтық тәртіптілікке құрметпен қарауға, сыйлауға тәрбиелеуге байланысты түрлі іс-шаралар өткізді. Оның айғағы ретінде «Заңды білу заман талабы», жоғарғы сыныптарда «Өз құқығыңды білесің бе?», «Заңды білген жөн» сынып сағаты, дөңгелек үстел, қатарлы іс-шаралардың өткізілуі дәлел бола алады.

Тәрбие жұмысында ата-аналармен байланыс келесі жұмыс түрлерімен жүзеге асырылады: жиналыстар, кездесулер, сауалнамалар, тренингтер, дөңгелек үстел, отбасы жарыстары, мерекелік іс-шаралар өткізіледі.

Мектепте тоқсан сайын ата-аналар жиналысы өткізіледі, жылдық жоспары бар, хаттамалары жазылған. Ата-аналар комитеті сайланған, жұмыс жоспары құрылған. Ата-аналарға арналған баяндамалар мен кеңестер беріліп, сауалнамалар өткізілген. Сонымен қатар мектепте Қамқоршылық кеңесі құрылған, оның жоспары да бекітіліп іске асырылған. Қамқоршылық кеңесінде 17 ата-ана мүшелері және мектебіміздің Президенті сайланған.

Мектепте бірыңғай республикалық «Жас Ұлан» жасөспірімдер ұйымы мен «Жас қыран» ұйымы құрылған. «Жас Ұлан» ұйымына -9, «Жас қыран» ұйымына 23 оқушы қабылданған. Жылдық жоспары бекітілген. Мектептің ұлан басшысы мектеп оқушыларының сайлау дауыстары арқылы тағайындалған. Өзін – өзі басқару жұмысының ықпалдылығы «Мектеп оқушылар көзімен» сауалнамасы бойынша сарапталады.

Қыркүйек айындағы алғашқы ата-аналар жиналысында тәрбие беру шараларын өткізудің маңыздылығына тоқталып, балаларға тәрбие берудің жолдары айтылады. Балаларға тәрбие берудің жас ерекшеліктеріне тоқталып, осы бағыттада жүргізіліп жатқан жұмыстармен, кейбір заң актілерімен таныстырылды.

Қыркүйек айынан бастап «жақсылық жаса» қақпашаларды жинау акциясына белсенді қатысты. Сынып жетекшілер арнайы сыныпқа қорап қойып, қадағалап жүреді.

Мектептік еріктілер клубы жалғызбасты қария адамдарға барып көмек көрсетті.

Қазан айында «Мұғалімдер күніне» орай оқушылар мұғалімдерге құттықтау видеороликтер жасады, 9-10 сынып оқушылары өзін-өзі басқару күнін өткізді, «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерекелік концертпен қорытындылады.

«Денсаулық фестивалі» айлығы бойынша көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, футбол ойынынан мектепшілік жарыс өткізілді.

1 қазан-Қарттар күніне орай «Қарттарды құрметтейік» тәрбиелік акция аясында мектеп оқушылары ауылдың қарттарына үйдегі түрлі жұмыстарға көмек жасады. Аталған мерекеге орай мектепте қарттарға арналған мерекелік онлайн құттықтаулар ұйымдастырылып, мектеп оқушылары белсене қатысты.

Қазанның екінші аптасында Халықаралық қыздар күніне арналған апталық бойынша сынып сағаттар, «Қыздарға кеңес» пікір алмасу, «Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі» атты дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Аққу» қыздар клубы құрылып, жоспары түзілді.

Қарашаның 14-і күні жалпыұлттық латын әліпбиінен диктант өткізілді. Диктантқа 9-10 сынып оқушылары мен мектеп мұғалімдері қатысты.

Қарашаның 15-і күні Ұлттық Валюта-теңгенің 25 жылдығына орай «Теңге балалар көзімен» атты бірыңғай жаппай сынып сағаттары өткізілді. Қараша айының соңғы аптасында 8-11 сынып оқушылары арасында «Біз шылым шегуге қарсымыз» тақырыбында әңгіме өткізілді.

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні қарсаңында мектептің «Адал ұрпақ» клубы 29 қарашада жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртібін белгілі деңгейге дайындау мақсатында аталған тақырып бойынша 5-9 «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты іс-шараны өткізді.

Желтоқсанның екінші аптасында ҚР Тәуелсіздік күніне орай апталық құрылып, түрлі іс-шаралар өткізілді. Жоспарға сай кітап көрмесі, сурет бауқауы, шығармалар байқауы өткізілді. «Менің сүйікті елім» атты суреттер сайысы, «Тәуелсіз деп соғады жүрегіміз» атты сынып сағаттары өткізілді. Желтоқсанның 28-і күні бастауыш сыныптарға «Ертегілер әлеміне саяхат» атты жаңа жылдық шырша өткізілді. 28-і 16.00 де жоғары сынып оқушыларына «Түрлі түсте» кеші өткізілді. Мерекелік концертке барлық оқушылар белсене қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

1-ші жартыжылдықта ұйымдастырылған жобалар:

«ЭКОboom» жобасы аясында 5-10 сынып оқушылары пластик шөлмектердің қақпашаларын жинап, «Клуб Добряков» ұйымына тапсырды. Қақпашалардан түскен ақша ауыратын балалардың еміне жұмсалады.

Қазан айында 1 сынып оқушылары «Менің болашақ бағым» атты науқанына қатысып, 25 ағаш отырғызды.

«Экокросс» науқанында оқушылар сенбілікте жинаған қоқысты қаптарға жинап жарысты.

«Менің Туым» жобасы аясында мектептің алдында флагшток орнатылып, 11 сынып оқушысы, оқу озаты Жұмабек Мадина 1 қыркүйек «Білім күні» болған салтанатты жиында туды көтеру, 25 мамыр «Соңғы қоңырауда» туды түсіру рәсімі берілді.

«Family day» отбасылық жобасы бойынша мектеп оқушылары ата-аналарымен дұрыс тамақтану мәзірімен бөлісті.

Бұл жобаның мақсаты отбасы дәстүрлерін отбасылық тәрбиелеумен сақтап қалу және отбасының әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыру;

- Қоғамдық қызығушылықтарды дамыту арқылы отбасылық бірлікті нығайту;

- Ұлттық тағамдар арқылы ұлттық мәдениетке, жағымды ұлттық дәстүрге бейімделу.

«Адал ұрпақ» жобасы аясында мектеп оқушылары жалғыз басты қарияларға үй шаруашылық жұмыстарына жиі көмекке барып отырды.

Биылғы оқу жылы орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтары ашылды. Бұнда барлық сынып жетекшілері мен мектеп психолігі ай сайын ата-аналармен тренингтер өткізеді. Орталықтың мақсаты: балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту. Сонымен қатар «Даналық мектебі» жұмыс жасайды.

Мақсаты: балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, берекелі отбасы мәдениетін дамыту

Міндеті: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту ;

балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру

Онда «Ата өсиеті» , «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі», «Әже даналығы» клубтары жұмысын атқаруда.

3. ҚР Тіл туралы Заңын орындалуы

3.1. ҚР-ның тілдер заңының орындалуы.

Тілдерді оқыту 1-11 қазақ тілінде оқитын сыныптарда оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. 2023-2024 оқу жылын мемлекеттік тілде барлығы 129 оқушы сәтті аяқтады.

3.5 жыл ішіндегі білім сапасын салыстырмалы талдау:

Жыл қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының үлгерім сапасы кестеде келтірілген.

| Пән | 2022-2023 | 2023-2024 |
|-------------------------|-----------|-----------|
| Қазақ тілі | 75% | 68% |
| Орыс тілі және әдебиеті | 80% | 78% |
| Ағылшын тілі | 62% | 58% |

"Тіл туралы" Заңды орындау бойынша мақсатты жұмыс жүргізу үшін Заңғар мектебінде жүзеге асыру бағдарламасы әзірленді, оның мақсаты қазақ, орыс, ағылшын тілінің функцияларын, біздің ауылда тұратын халықтардың салт-дәстүрлері мен мәдени дәстүрлерін кеңейту және нығайту болып табылады.

Оқушылар мен мұғалімдер үшін үйірмелер жұмысы ұйымдастырылды. Оқушылар үшін қазақ, ағылшын және орыс тілдері үйірмелерінің жұмысы ұйымдастырылды. Жазғы профильді лагерьде 15 оқушы қамтылды.

Заңғар ЖОББМ-де тілдерді оқытатын пән мұғалімдері - 6 адам:

- Сегизваева Т.Ж. - Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі педагог-зерттеуші;

- Сулейманова И.С. – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі педагог-модератор санатты;

- Калиева Г.С.- орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі педагог-модератор;

- Кульжанова А.Е. – орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі педагог;

- Жумадилова М.Р - ағылшын тілі пәнінің мұғалімі педагог-зерттеуші;

- Тактаулова С.Д. - ағылшын тілі мұғалімі педагог-эксперт;

Барлық тілдерді педагог - мамандар, барлығы жоғары білімді мамандар оқытады. Оның ішінде педагог-сарапшы – 1 мұғалім, ол 16% құрайды, педагог-модератор-2 адам 33%, педагог-зерттеуші 2 мұғалім, бұл барлық тіл мамандарының 33%, санатсыз – 1 ұстаз, бұл 17% құрайды.

Орыс тілі мен әдебиеті бойынша сыныптан тыс үлкен жұмыстар жүргізілуде. Қазақ тілін енгізу бойынша үлкен жұмыстар жүргізілуде. Мектеп оқушылары мен ұжым мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларға белсенді қатысады. "Тілдер апталығы" жүйелі ұйымдастырылады.

Тілдік пәндер кабинеттерінің жағдайын қанағаттанарлық деп санауға болады. Мектептегі Қазақ тілі кабинеттері - 1. № 4 Қазақ тілі кабинеті жаңа стендтермен, компьютерлермен жабдықталған, Интернетке шығу мүмкіндігі бар (меңгеруші Сулейманова И.С.).

1 Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті. № 2 орыс тілі кабинеті жаңа стендтермен, компьютерлермен жабдықталған, Интернетке шығу мүмкіндігі бар (меңгеруші Кульжанова А.Е.).

Қазақ тілі мен әдебиетінің, орыс тілі мен шет тілдерінің ӘБ жұмыс істейді. Мұғалімдер өздігінен білім алумен айналысады, өз білімдерін үнемі жетілдіріп

отырады, Өрлеу курстарында өздігінен білім алу деңгейін арттырады, аудандық және облыстық конкурстардың белсенді қатысушылары болып табылады.

4. Оқыту-тәрбиелеу үдерісін ақпараттандыру.

Жалпымектептік жоспардың негізінде оқу жылының басында оқу процесін ақпараттандыру жоспары құрылды, оның барысында мектептің материалдық базасын компьютерлік техникамен толықтыру, электрондық оқулықтарды пайдалану және санын ұлғайту, оқу процесін жақсартатын компьютерлік тестілер мен бағдарламаларды жасау, мұғалімдердің жаңа ақпараттық технологиялар мен Интернет желісін қолдануы, сондай-ақ мұғалімдердің де, мектеп әкімшілігінің де құжаттарды компьютерлік өндеуде ресімдеуі, сабақтарда интерактивті тақтаны пайдалануы көзделген. Мектепте ақпараттандыруды оқу-тәрбие процесіне белсенді енгізу үшін барлық жағдай жасалған Информатика кабинеттерінде, мультимедиялық кабинеттерде жергілікті желі жұмыс істейді.

Қазақ тілі, орыс тілі мен биология кабинеттерінде оқу үрдісінде 1 компьютерден және мультимедиялық экрандары, информатика және физика кабинеттерінде интерактивті тақта, кабинетінде 15 компьютер жұмыс істейді.

